

Түркістан облысы Жетісай ауданы

«Бектемі»  
«Дана» бөбекжай балабақшасының  
менгерушісінің м.у.а. Ж.Арынбаева



**«Дана» бөбекжай балабақшасы  
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны  
Өзін-өзі бағалау  
қортындысы**

2023 жыл

**Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының  
Жетісай ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімі  
«Дана» бөбекжай балабақшасы  
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны**

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік Кодексіне сәйкес, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – Бағалау өлшемшарттары), Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Түркістан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментімен 2022 жылғы 9 қарашадағы №818 бұйрығымен бекітілген 2023 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесі негізінде, 2023 жылғы 5 сәуірдегі № 16-н/қ бұйрығымен өзін-өзі бағалау құжаттарын жүргізу үшін мынадай құрамда балабақшаны өзін-өзі бағалау аттестаттау комиссиясы құрылды:

1. Ж.Арынбаева – балабақша меңгеруші комиссия төрайымы;
2. З.Халилаева – балабақша әдіскері комиссия мүшесі;
3. М.Коспанова – балабақша психологі, комиссия мүшесі;
4. Д.Давранова – балабақша тәрбиешісі, комиссия мүшесі;
5. С.Накжанова – балабақша тәрбиешісі, комиссия мүшесі.

Өзін –өзі бағалау іс-жоспары түзілді және соған сәйкес жұмыстар жүргізілді. Бағаланатын кезеңдерге сәйкес талдау жасалатын құжаттар дайындалды және олардың барлығының көшірмелері түпнұсқадан сканерленген PDF форматталған файлдарға салынды және сайтқа жүктелді.

«Дана» бөбекжай балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны толық екі жыл 2021-2022, 2022-2023 оқу жылының оқу-процесін зерделеп, оларды білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерінде орналастырылған мәліметтермен және ұйымдар мен уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметтерімен салыстыра отырып, комиссия қызметтің сандық және сапалық көрсеткіштеріне бағалау қортындысын ұсынады.

**мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны  
туралы ақпараттық анықтама**

1	<b>Мектепке дейінгі ұйымның атауы</b>	Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Жетісай қаласының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Дана» бөбекжай балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны
2	Білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекен – жайы және нақты орналасқан жерінің мекен — жайы)	Жетісай ауданы Ынтымақ елді мекені Үшкөпір ауылы Ақкөл тұйық 1 көшесі №1
3	Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, вебсайт)	Ұялы телефон 8778 946 34 64 Электронды поштасы: <a href="mailto:zhamila.arynbaeva@mail.ru">zhamila.arynbaeva@mail.ru</a> вебсайт: <a href="https://danabaksha-edu.kz/">https://danabaksha-edu.kz/</a> инстаграм : dana.balabaksha фейсбук: <a href="https://www.facebook.com/profile.php?id=100071419620014&amp;mibextid=ZbWKwL">https://www.facebook.com/profile.php?id=100071419620014&amp;mibextid=ZbWKwL</a>
4	Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т.А.Ә лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі)	Арынбаева Жамила Ергашбаевна Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Жетісай қаласының адами әлеуетті дамыту бөлімінің басшысының 2021 жылғы 13 желтоқсандағы №154-к бұйрығына сәйкес меңгеруші міндетін уақытша атқарушы болып тағайындалды.
5	Құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттары (жарғының және заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтаманың/куәліктің көшірмесі қоса беріледі)	Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтамасы Қазақстан Республикасының заңдамасына сәйкес Заңды тұлға мемлекеттік тіркеуден 02.02.2021 жылы қайта өткен. БСН 060840006593, алғашқы мемлекеттік тіркеу күні 11.08.2006жыл. Кәсіпорын жарғысы Жетісай аудандық тіркеу және жер кадастр бөлімі 2021 жыл. 02 ақпан Тіркеу № 359-1959-21-НАО-МК
6	Рұқсат беру құжаттары (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон)	Мемлекеттік лицензия 10.12.2007жыл. № 0006136DX Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы 2015 жылғы 06 ақпан талон KZ63XXX00005662
7	Құрылған жылы	2006 жылы
8	Типтік ғимарат	Бір қабатты ыңғайластырылған

9	Топтар саны	4 топ
10	Балаларды оқыту тілі	Қазақ тілі
11	Жұмыс аптасының ұзақтығы	5 күндік
12	Ауысым саны	Тәрбиешілер: I ауысым; II ауысым
13	Жасына қарай топтар бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетінің ұзақтығы – минутпен	Кіші «Балапан» тобы, Ортаңғы «Көгершін» тобы, Ортаңғы «Тұлпар» тобы, Ересек «Күншуақ» тобы
14	МДҰ – ның жобалық әлеуеті	Балабақша орны 100 балаға арналған. 25.12.2006 жылы.№17-4-7-3-4938 30.10.2009жылы №17-4-7-3-97 03.05.2013жылы №17-2-5-183 санитарлық эпидемиологиялық қорытынды берілген. Құжаттар көшірмесі қоса жолданды.

## 1.Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы

Балабақша ғимараты 1 қабатты ыңғайластырылған, заман талабына сай қамтамасыз етілген. Балабақша 100 орындық, қазіргі уақытта 4 топта 80 бала тәрбиеленуде. «Балапан» кіші тобы, «Тұлпар» ортаңғы тобы, «Көгершін» ортаңғы тобы, «Күншуақ» ересек тобы. Әр топ тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктері мен қажеттіліктеріне қарай жабдықталған. Балабақша аптасына 5 күндік жұмыс жасайды, жұмыс уақыты сағат 08.00-ден 18.30-ға дейін. Тәрбиеленушілер мемлекеттік тілде тәрбиеленуде.

Әрбір топтың өзіндік жеке демалатын, ойнайтын, тамақтанатын, жуынып шайынатын бөлмелері бар. Бұдан басқа медициналық кабинет, асхана жұмыс жасайды. Материалдық-техникалық базасы стандартқа сай жабдықталған. Жылу жүйесі, кәріз жүйелері автономды. Су орталықтандырылған. Балабақша өрт-дабыл түймешесінің автоматты хабарлау жүйесінің, оның ішінде ішкі дыбыстық хабарлау жүйесі және бейнебақылау камераларымен жабдықталған.

Балабақшада медициналық кабинеті жұмыс жасайды. Медициналық кабинетте емшара бөлмесі, оқшаулау бөлмесі, санитарлық қағидаларға 12 қосымшаға сәйкес құрал - сайман жабдықтармен жабдықталған.

Балабақша ауласы көгалдандырылған, шырша ағаштары, т.б. жеміс ағаштары егілген. Ауладағы ойын алаңында әр топтың ауласы бөлек қоршаулармен бөлініп, балалардың жас ерекшелігі бойынша түрлі ойнайтын ойыншықтар орнатылған. Сонымен бірге әр аулаға бала отырып демалатын саялы көлеңкелі ойын алаңдары қойылған. Гүл алаңқайлары және балалардың денсаулығын нығайтатын, ойын құралдарымен жабдықталған алаң бар.

Балабақшаның арнайы бөлмелері:

- Меңгеруші кабинеті;
- Әдістемелік кабинет;
- Теледидар – 3 дана;
- Компьютер – 1 дана;
- Түсті принтер-1 дана.

Ата-аналар үшін топта «Денсаулық бұрышы», «Қауіпсіздік ережелері» жылжымалы папкалар безендірілген. Әр топта «Денсаулық», «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру негізінде «Ұлттық бұрыш», «Ойыншықтар сөресі», кітаптар сөресі, «Табиғат бұрышы», білім салалары бойынша дамытушы орталықтар жасақталған.

## 2. Кадрлық құрамға талдау.

Кадрлық құрамды бекіту - «Дана» бөбекжай балабақшасы жұмысының негізгі бағыттарының бірі. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы мен балабақша Жарғысына сәйкес педагогикалық ұжым мен білім ұйымдастыру басшысымен қалыптастырылады. Педагогикалық кадрларға қабылдау басқарушы мен педагогикалық жұмысшы арасында жасалған еңбек шарты негізінде жүзеге асырылады. 2022-2023 оқу жылында 11 педагог жұмыс атқарады, мамандығы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» жоғары білімді 3 педагог, «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» жоғары білімді 3 педагог, «Педагогика және психология» жоғары білімді 2 педагог және дене шынықтыру мамандығы бойынша жоғары білімді 1 педагог «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» тәрбиеші мамандығы бойынша қайта даярлау курстарынан өткен. «Музыка жетекшісі» жоғары білімді 1 педагог бар.

Меңгеруші-I санатты,

әдіскер-II санатты

1 тәрбиеші –I санатты,

1 тәрбиеші –II санатты,

7 педагог-ескі санаттарының мерзімі біткен, қазіргі уақытта санатсыз.

Педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау) туралы Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасының 23.02.2023 жылғы № 189 хаты негізінде ҚР Білім және ғылым министрінің 27.01.2016 жылғы №83 бұйрығы 16, 17 тармақтарына сәйкес педагогтердің біліктілігін бағалауды жүргізу бойынша іс-құжаттарын электронды портфолиоға тапсырып, "Педагогикалық этиканың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 12 мамырда №20619 болып тіркелген) сәйкес педагогикалық этиканы сақтау мәселесі бойынша біліктілік санаттарын алуға 2023 жылдың сәуір айында 5 педагог «педагог-модератор» біліктілік санатына өтуге өтініш білдірген. Олардың ішінде 2 педагог Халилаева Замира Жахановна және Давранова Данагул Камалбековна Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 533 бұйрығының 124-тармағына сәйкес ескі жүйедегі "жоғары" санаттары бойынша "педагог-модератор" біліктілік санатына ауысып, ПББ тапсырудан босатылды, қызмет нәтижелерін кешенді жинақтаудан өтті. Сондай-ақ өтініш білдірген педагогтардың 3-уі қызмет нәтижелерін кешенді жинақтаудан өтіп, ПББ тапсырған, нәтижесінде 2 педагог Накжанова Сауле Замидиновна және Ахтаева Куляш Лесбаевна "педагог-модератор" біліктілік санатына балл жинай алмады, ал 1 педагог Коспанова Малика Илесовна "педагог-модератор" біліктілік санатына балл жинай алды. Педагогтардың білімін бағалаудан өту туралы сертификат көшірмелері сайтқа жолданды. Педагогтар З.Халилаева, Д.Давранова мен М.Коспанованың «педагог-модератор» біліктілік санаттарын растайтын куәліктер балабақшаның өзін-өзі бағалау кезеңінде Жетісай ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінен берілген жоқ, шешім күтілуде.

Балабақшаның сапалық тізімі ұсынылған дипломның көшірмелерінен қарастырылды.

**«Дана» бөбекжай балабақшасы  
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының  
педагогтері жайлы мәлімет**

р/с	Қызметкерлердің аты-жөні	Қызметі	Жүк теме	Білімі	Еңбек өтілі	Біліктілік санаты	Жаңаша біліктілік санаты
1	Арынбаева Жамила Ергашбаевна	Меңгерушінің м.у.а	1	жоғары	39	Бірінші санатты тәрбиеші	-
2	Халилаева Замира Жахановна	Әдіскер тәрбиеші	1	жоғары	17	-	-
3	Коспанова Малика Илесовна	Психолог тәрбиеші	1	жоғары	11	-	-
4	Давранова Данагул Камалбековна	Тәрбиеші	1	жоғары	19	-	-
5	Сабыркулова Гүлажар Турганбековна	Тәрбиеші	1	жоғары	16	Бірінші санатты тәрбиеші	-
6	Накжанова Сауле Замидиновна	Тәрбиеші	1	жоғары	15	-	-
7	Ахтаева Куляш Лесбаевна	Тәрбиеші	1	жоғары	12	-	-
8	Ержанова Айша Намазбаевна	Тәрбиеші	1	жоғары	12	-	-
9	Асилбекова Айгерим Минбосыновна	Тәрбиеші	1	жоғары	4	-	-
10	Тлеуова Алия Султанхановна	Тәрбиеші	1	жоғары	9	Екінші санатты тәрбиеші	-
11	Нұрман Шаблан Елмұратұлы	Музыка жетекшісі	0,75	жоғары	4	-	-

Педагог кадрлармен жасақталғандығы туралы мәліметтер 2-қосымшада <https://danabaksha-edu.kz/> сайтына жүктелді.

МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша білімі бар тәрбиешілердің болуы (тәрбиеленушілерді тәрбиелеу және оқыту бойынша кәсіби қызметті жүзеге асыратын педагогтер дипломдарының көшірмелері қоса берілді);

Жетісай ауданы «Дана» бөбекжай балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының педагог қызметкерлердің штаттық кестесі ҚР Үкіметінің Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30

қаңтардағы N 77 қаулысымен басшылыққа алынып, белгіленген. Бөбекжай балабақша қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулары балабақша бастауыш кәсіподақ келісімімен бекітілген. Әр қызметкерге өз жұмысына сай лауазымдық нұсқаулықтар таныстырылған. Бөбекжай балабақша қызметкерлеріне жеке іс құжаттары жүргізілген. Онда қызметкерлердің жеке куәлік көшірмесі, аттестаттау парағы, біліктілігін арттыру курстарынан өткен сертификаттарының көшірмелері, (жеке куәліктер, диплом, біліктілік курстар сертификаттар, көшірмесі қоса жолданды)

Барлық педагогтар саны	«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша	Бастауыш сыныпта оқыту мамандығы бойынша	Психолог	Музыка жетекшісі
<b>11</b>	<b>54,5%</b>	<b>27,2%</b>	<b>9,09%</b>	<b>9,09%</b>

### Педагогтардың біліктілікті арттыру туралы мәліметі:

Оқу жылдары	Барлық курстан өткен педагог саны	Оның ішінде «Өрлеу»	Оның ішінде ПШО
2021-2022 оқу жылы	5	4	1
2022-2023 оқу жылы	3	2	1

### Соңғы екі оқу жылындағы кадрлар туралы барлық мәліметтер:

<b>Көрсеткіштер</b>	<b>2021–2022</b>	<b>2022–2023</b>
Штаттық педагогтар саны, нақты жұмыс істейтін:	11	11
Меңгеруші	1	1
Әдіскер	1	1
Тәрбиешілер	7	7
Психолог	1	1
Музыка жетекші	1	1
Орыс тілі пәні мұғалімі	-	-
<b>Барлығы</b>	<b>11</b>	<b>11</b>



### **3.Тәрбиеленушілер контингенті.**

«Дана» бөбекжай-балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 1-қосымшасының 25- тармағына сәйкес тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптарды ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтай отырып, оқу жылы басында топтастыру қарастырылған. Үлгілік қағидалардың 6-тармағы бойынша «Мектепке дейінгі ұйымның негізгі құрылымдық бірлігі жас тобы болып табылады, топтар жас ерекшелігі бір қағидасы бойынша жасақталған. Үлгілік қағидалардың 7-тармағы бойынша «Жас ерекшелігі бір қағидасы бойынша жас топтарының толықтырылуы»:

- 1) ерте жас тобы (1 жастағы балалар) – 10 баладан артық емес;
- 2) кіші топ (2 жастағы балалар) – 20 баладан артық емес;
- 3) ортаңғы топ (3 жастағы балалар) - 25 баладан артық емес;
- 4) ересек топ (4 жастағы балалар) – 25 баладан артық емес;
- 5) мектепалды даярлық тобы (5 жастағы балалар) - 25 баладан артық емес.

**2022-2023 оқу жылында қыркүйек айында төмендегі кесте бойынша төрт топ жасақталды:**

<b>Р/с</b>	<b>Топ атауы</b>	<b>Жас ерекшелігі</b>	<b>Бала саны</b>
1	Ерте жас «Балапан» тобы	1 жастан бастап	10
2	Кіші «Тұлпар» тобы	2 жастан бастап	20
3	Ортаңғы «Көгершін» тобы	3 жастан бастап	25
4	Ересек «Күншуақ» тобы	4 жастан бастап	25
	Барлығы: 4 топ		80

*«Дана» бөбекжай балабақшасының кезектен тыс №2 педагогикалық кеңесінде Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарына 2022 жылға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру жөніндегі облыс әкімінің қаулысы дайындалуын айта келе, қаулыда бірінші кезекте 3-6 жастағы балаларды қамтамасыз етіп, екінші кезекте 2-6 жастағы балаларды қамту қаралып жатқандығын ескере отырып, балабақшаның ішкі өндірістік бұйрығына сәйкес балабақшадағы ерте жас «Балапан» тобындағы 1 жасар балаларды балабақшадан шығару қажеттігі жөнінде «Дана» бөбекжай балабақшасы меңгерушісінің м.у.атқарушы Ж.Арынбаева шешім қабылдаған. Бұл жайлы ата-аналарға түсіндіру жұмыстары жүргізілген. Шығарылған 1 жастағы балалар қайтадан балабақшаға кезекке қойылған. Балабақшада ерте жас тобы 2023 жыл 23 қыркүйектен жабылып, 1 кіші «Балапан» тобына балабақша кезегінде тұрған 2 жастағы 10 бала қабылданған. Ал кіші «Тұлпар» тобына 2-3 жастағы балалар жинақталып, үлгілік қағиданың 8-тармағы бойынша*

*«Жас ерекшелігі әртүрлі қағидасы бойынша жас топтары қарастырылып, аралас II кіші «Тұлпар» тобы болып жасақталды.*

*2022 жыл 23 қыркүйектен 2023 жыл 01 ақпан аралығына дейін төмендегідей топтар жұмыс жасады:*

<b>Р/с</b>	<b>Топ атауы</b>	<b>Жас ерекшелігі</b>	<b>Бала саны</b>
1	I Кіші «Балапан» тобы	2 жастан бастап	10
2	II кіші «Тұлпар» тобы	2-3 жас аралас топ	20
3	Ортаңғы «Көгершін» тобы	3 жастан бастап	25
4	Ересек «Күншуақ» тобы	4 жастан бастап	25
	Барлығы: 4 топ		80

**01.02.2023** жылдан бастап Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (бұдан әрі–Стандарт) және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидасына (бұдан әрі – Қағидалар) сәйкес қағиданың 1-қосымшасының 1-тарау, 7) тармақшасында жас ерекшелігі бір қағидасы бойынша балабақшада жас топтарының толықтырылуын негізге ала отырып, топтар жас ерекшеліктеріне қарай төмендегі кесте бойынша қайтадан жасақталды:

<b>Р/с</b>	<b>Топ атауы</b>	<b>Жас ерекшелігі</b>	<b>Бала саны</b>
1	Кіші «Балапан» тобы	2 жастан бастап	16
2	Ортаңғы «Тұлпар» тобы	3 жастан бастап	14
3	Ортаңғы «Көгершін» тобы	3 жастан бастап	25
4	Ересек «Күншуақ» тобы	4 жастан бастап	25
	Барлығы: 4 топ		80

«Дана» балабақшасы МКҚК бойынша жас кезеңдері сақталған, топтар бірдей жас принцип бойынша жинақталған. Өлшемшарттың 3 қосымшасына сәйкес жылдар бойынша жас топтары тізімдері жасалып, <https://danabaksha-edu.kz/> сайтына жолданды.

**Жас ерекшеліктеріне қарай топтардың жасақталуы  
2021-2022 оқу жылы**

Топ/сынып атауы	Оқыту тілі	Тәрбиеленушілер саны	Тәрбиеленушілердің жастары				
			1	2	3	4	
Ерте жас «Балапан»	қазақша	10	10				
Кіші топ «Тұлпар»	қазақша	20		20			
ортаңғы топ «Көгершін»	қазақша	25			25		
ересек топ «Күншуақ»	қазақша	25				25	
<b>Барлығы</b>	<b>4</b>	<b>80</b>	<b>10</b>	<b>20</b>	<b>25</b>	<b>25</b>	

**Жас ерекшеліктеріне қарай өзін-өзі бағалау кезеңінде топтардың жасақталуы 2022-2023 оқу жылы**

Топ/сынып атауы	Оқыту тілі	Тәрбиеленушілер саны	Тәрбиеленушілердің жастары				
			1	2	3	4	
кіші жас «Балапан»	қазақша	16		16			
ортаңғы топ «Тұлпар»	қазақша	14			14		
ортаңғы топ «Көгершін»	қазақша	25			25		
ересек топ «Күншуақ»	қазақша	25				25	
<b>Барлығы</b>	<b>4</b>	<b>80</b>		<b>16</b>	<b>39</b>	<b>25</b>	

Үлгілік қағидалардың 10-тармағы бойынша «Мектепке дейінгі ұйымдарда ата-аналарының (заңды өкілдерінің) мүдделері ескеріле отырып, ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілер» жоқ, тіркелмеген.

Үлгілік қағидалардың 26-тармағына сәйкес «Мектепке дейінгі ұйымдар жұмыс күндері және демалыс күндері осы мектепке дейінгі ұйыммен қамтылған және қамтылмаған тәрбиеленушілер үшін білім беру, сауықтыру сипатындағы қосымша ақылы қызметтер көрсетеді. Ақылы қызметтер көрсетуден түскен қаражат мамандарға жалақы төлеуге, құралдар сатып алуға, "Білім туралы" Заңның 63- бабына сәйкес тиісті дамытушы орта құруға бағытталады» талабы ата-аналар тарапынан өтініш түспегендіктен қарастырылмады.

Үлгілік қағидалардың 31-тармағына сәйкес «Мектепке дейінгі ұйым мен заңды өкілдер арасындағы өзара қарымқатынас баланы мектепке дейінгі ұйымға қабылдаған кезде жасалатын шартпен реттеледі» талабына сәйкес ата-аналармен келісім шарт тіркеу журналы, келісім шарт көшірмесі <https://danabaksha-edu.kz/> сайтына ұсынылды.

#### 4. Оқу әдістемелік жұмыс.

**«Дана» бөбекжай балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының 2021-2022 оқу жылына әзірленген және бекітілген оқу жұмыс жоспары:**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (2020 жылғы 5 мамырдағы № 182 бұйрықпен енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен);

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» (2020 жылғы 12 мамырдағы № 195 бұйрықпен енгізілген өзгерістермен);

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» (2018 жылғы 29 желтоқсандағы №721 бұйрығымен өзгертілген) талаптарына сай балабақша қызметінің құқықтық-нормативтік базасына негізделі отырып әзірленді.

Оқу - тәрбие процесін ұйымдастыру барысында «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары (ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 17 тамыздағы № 615 бұйрығы 2020 жылғы 5 шілдедегі өзгертулерімен) ескерілді.

Оқу жұмыс жоспарын әзірлеу барысында апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі және вариативтік компонентті қоса алғанда балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы есепке алынды.

Барлық жас топтарында үлгілік оқу жоспарына сәйкес апталық оқу жүктемесінің көлемі сақталған. Үлгілік бағдарлама мазмұнының іске асыру балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оларды жан-жақты дамытуға бағытталған «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салалары негізінде жүзеге асырылады. Жылдық жүктеме сағаттары:

«Балапан» ерте жас (1 жастан бастап) тобында «Денсаулық» білім беру саласы бойынша - 108 сағат, «Қатынас» - 36, «Таным» - 36, «Шығармашылық» - 72 сағат. Барлығы - 252 сағат құрайды.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы - 7-10 минут, апталық оқу жүктемесі - 7 сағат.

«Тұлпар» кіші (2 жастан бастап) топта «Денсаулық» білім саласында - 108 сағат, «Қатынас» білім саласында 36 сағат, «Таным» білім саласында 72 - сағат, «Шығармашылық» - 108 сағат. Барлығы 324 сағатты құрады. Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы: 10-15 минут, апталық оқу жүктемесі - 9 сағат.

«Көгершін» ортаңғы (3 жастан бастап) тобында «Денсаулық» білім беру саласы бойынша - 108 сағат, «Қатынас» - 72, «Таным» - 90, «Шығармашылық» - 108 сағат, «Әлеумет» - 18 сағат. Барлығы - 396 сағат құрайды.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы – 15-20 минут, апталық оқу жүктемесі - 11 сағат. Вариативтік компонент аптасына 1 рет - 36 сағатты құрады. («Дидактикалық ойындар» – 1 сағат )

«Күншуақ» ересек тобында (4 жастан бастап) жылдық оқу жүктемесі бойынша «Денсаулық» білім саласында - 108 сағат, «Қатынас» білім саласы - 90 сағат, «Таным» білім саласы - 90 сағат, «Шығармашылық» білім саласы - 126 сағат, «Әлеумет» білім саласы - 18 сағатты, жалпы - 432 сағат,

Топтың жылдық оқу жүктемесі-504 сағат қамтылған.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы - 20-25 минут, апталық оқу жүктемесі инвариантты бөлімде - 12 сағат, вариативтік компонент аптасына 2 сағаттан жылына 72 сағат («Сурет салу»- 1 сағат, «Ертегілер елінде»-1 сағат).

### **2022-2023 оқу жылына «Дана» бөбекжай балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының әзірленген және бекітілген оқу жұмыс жоспары:**

Бөбекжай балабақша Үлгілік қағидалардың 11-тармағы бойынша Мектепке дейінгі ұйымдар өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, осы Қағидалар мен мектепке дейінгі ұйымдар жарғысын және Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады. Қазақстан Республикасы Оқу- ағарту министрінің 2022жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы 1-қосымшасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген (өзгерістер мен толықтырулар енген Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығы) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген (өзгерістер мен толықтырулар енген Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығы)«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы»талаптарына сай балабақша қызметінің құқықтық-нормативтік базасына негізделе отырып әзірленді.

Үлгілік қағидалардың 14-тармағы бойынша Мектепке дейінгі ұйымдар өз қызметін келесі кезеңдер бойынша ұйымдастырады:

- 1) 1 қыркүйек пен 31 мамыр аралығында – оқу жылы Бағдарламаның мазмұнын меңгеру кезеңі .
- 2) 1 маусым мен 31 тамыз аралығында – жазғы сауықтыру кезеңі;
- 3) тәрбиеленушілерді мектепке дейінгі ұйымнан шығару жыл сайын 1 тамызға дейін жүзеге асырылады.

Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша:

- физикалық дамыту;
- коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
- шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;
- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады. Физикалық даму, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру келесі ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылады:

- 1) дене шынықтыру (ерекше тәрбиеленушілер үшін бейімделген дене шынықтыру);
- 2) жүзу (жүзу бассейні болған кезде);
- 3) сөйлеуді дамыту;
- 4) көркем әдебиет;
- 5) сауат ашу негіздері;
- 6) қазақ тілі (оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда);
- 7) сенсорика;
- 8) математика негіздері;
- 9) құрастыру;
- 10) қоршаған ортамен таныстыру;
- 11) сурет салу;
- 12) мүсіндеу;
- 13) жапсыру;
- 14) музыка.

Стандарт талаптарына сәйкес әзірленген Үлгілік оқу жоспарларында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекеттер берілді.

«Дене шынықтыру» ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына үш рет мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізіледі.

Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі (мектепке дейінгі ұйым кестесіне сәйкес аптасына ортаңғы және ересек топта бір рет, ұйымдастырылған іс-әрекеті қарым-қатынас, заттық әрекет, ойын әрекеті, шығармашылық әрекет (балаларға кітап оқып беру, кітаптарды, иллюстрацияларды қарау) басқа да әрекет түрлері арқылы күн сайын күн тәртібіне сәйкес ұйымдастырылады.

Кіші топтар үшін сенсорика бойынша заттарды, ойыншықтарды өз бетінше зерттеуіне көңіл бөлінеді, олардың түсін, пішінін, көлемін ажыратып, салыстыруға баулу көзделеді. Мектеп жасына дейінгі балалар үшін математика негіздері, күн сайын дидактикалық ойындар, танымдық әңгімелер, бейнелеу және құрастыру әрекеті, эксперимент жасау, математикалық мазмұндағы басқа да әрекеттер арқылы ойын түрінде ұйымдастырылады.

Қоршаған ортамен танысу күн сайын объектілер мен заттарды бақылау (тірі және өлі табиғат) зерттеу, материалдармен эксперимент жасау, педагогтің сәйкес ақпаратты оқып беруі, кітаптарды және иллюстрацияларды қарау, әңгімелесу, ойын әрекеті арқылы іске асырылады.

Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру күн сайын тек ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде ғана емес, сондай-ақ балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, басқа уақытта да ұйымдастырылады. «Музыка» ұйымдастырылған іс-әрекеті кіші, ортаңғы топтарда аптасына бір рет, ересек топтарында аптасына екі рет музыка жетекшісімен мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізіледі.

«Жаратылыстану» ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің міндеттері «Қоршаған ортамен танысу» ұйымдастырылған іс-әрекетімен кіріктіріліп өтіледі.

**Білім беру бағдарламаларының вариативтілігін қамтамасыз ету**  
«Дана» бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 1-қосымшасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» 2- тармағына сәйкес вариативтік оқу жоспарының кестесі, вариативтік жұмыс жоспарының тақырыптары 2022 жылғы 31 тамыздағы №1 педагогикалық кеңесте балалардың қызығушылығы мен дағдысын ескере келе қарастырылып, бекітілді: 2022-2023 оқу жылында Ересек «Күншуақ» тобында «Сурет салу», «Қызықты математика», ал ортаңғы «Көгершін» тобында «Ертегілер елінде» тақырыптарында вариативтік жұмыс жоспарлары бекітілді.

«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына 1, 2-қосымшаларында көрсетілген Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың нысандары және «Балаларды ерте дамыту институтының» Ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен ұсынылған (2022 жылғы 26 шілдедегі), «Балаларды ерте дамыту институтының» Ғылыми-әдістемелік кеңесінде қаралып, 2022 жылғы 23 қарашадағы ұсынылған әдістемелік нұсқауы перспективалық жоспар, тәрбиелеу білім беру процесінің циклограммалар жасау барысында басшылыққа алынған. (бағаланатын кезеңге әзірленген және білім беру ұйымының басшысымен бекітілген оқу жоспарлары: перспективалық жоспар және тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммаларының көшірмелері, балабақшаның күн тәртібі сайтқа жүктелді.

**«Дана» бөбекжай балабақшасы МКҚК 2021-2022 оқу жылына арналған  
тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары**

	Білім беру салалары Ұйымдастырылған оқу қызметі	Жас тобы							
		Ерте жас тобы (1 жастан бастап)		Кіші топ (2 жастан бастап)		Ортаңғы топ (3 жастан бастап)		Ересек топ (4 жастан бастап)	
		апталық	жылдық	апталық	жылдық	апталық	жылдық	апталық	жылдық
<b>1</b>	<b>«Денсаулық»</b>	<b>3</b>	<b>108</b>	<b>3</b>	<b>108</b>	<b>3</b>	<b>108</b>	<b>3</b>	<b>108</b>
	Дене шынықтыру	3	108	3	108	3	108	3	108
	Қауіпсіз мінез-құлық негіздері	-	-	-	-	-	-	-	-
<b>2</b>	<b>«Қатынас»</b>	<b>1</b>	<b>36</b>	<b>1</b>	<b>36</b>	<b>2</b>	<b>72</b>	<b>2,5</b>	<b>90</b>
	Сөйлеуді дамыту	0,5	18	0,5	18	1	36	1	36
	Көркем әдебиет	0,5	18	0,5	18	0,5	18	1	36
	Сауат ашу негіздері	-	-	-	-	-	-	-	-
	Орыс тілі	-	-	-	-	0,5	18	0,5	18
<b>3</b>	<b>«Таным»</b>	<b>1</b>	<b>36</b>	<b>2</b>	<b>72</b>	<b>2,5</b>	<b>90</b>	<b>2,5</b>	<b>90</b>
	Математика негіздері	-	-	-	-	1	36	1	36
	Сенсорика	0,5	18	0,5	18	-	-	-	-
	Құрастыру	-	-	0,5	18	0,5	18	0,5	18
	Жаратылыстану	0,5	18	1	36	1	36	1	36
<b>4</b>	<b>«Шығармашылық»</b>	<b>2</b>	<b>72</b>	<b>3</b>	<b>108</b>	<b>3</b>	<b>108</b>	<b>3,5</b>	<b>126</b>
	Сурет салу	0,5	18	1	36	1	36	1	36
	Мүсіндеу	0,5	18	0,25	9	0,25	9	0,5	18
	Жапсыру	-	-	0,25	9	0,25	9	0,5	18
	Музыка	1	36	1,5	54	1,5	54	1,5	54
<b>5</b>	<b>«Әлеумет»</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>0,5</b>	<b>18</b>	<b>0,5</b>	<b>18</b>
	Өзін-өзі тану	-	-	-	-	-	-	-	-
	Қоршаған ортамен таныстыру	-	-	-	-	0,5	18	0,5	18
<b>6</b>	<b>Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы</b>	<b>7-10 минут</b>		<b>10-15 минут</b>		<b>15-20 минут</b>		<b>20-25 минут</b>	
<b>7</b>	<b>Апталық оқу жүктемесінің көлемі</b>	<b>7</b>	<b>252</b>	<b>9</b>	<b>324</b>	<b>11</b>	<b>396</b>	<b>12</b>	<b>432</b>
<b>8</b>	<b>Вариативтік компонент</b>	<b>-</b>		<b>-</b>		<b>1</b>	<b>36</b>	<b>2</b>	<b>72</b>
<b>9</b>	<b>Барлығы</b>	<b>7</b>		<b>9</b>		<b>12</b>	<b>432</b>	<b>14</b>	<b>504</b>



**Ұйымдастырылған оқу қызметінің 2021-2022 оқу жылына арналған кестесі**  
**Ерте жас «Балапан» тобы (1- жастан бастап)**

Апта күндері Білім беру салалары	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
«Денсаулық»-3	Дене шынықтыру (1,0)	Дене шынықтыру (1,0)			Дене шынықтыру (1,0)
«Қатынас»-1			Сөйлеуді дамыту (0,5) 1-3 апта/ Көркем әдебиет (0,5) 2-4 апта		
«Таным»-1		Сенсорика (0,5) 1,3 апта/ Жаратылыстану (0,5) 2,4 апта			
«Шығармашылық»-2			Музыка (1,0)	Сурет салу (0,5) 1,3 апта/ Мүсіндеу (0,5) 2,4 апта	
«Әлеумет»-0					

Апталық оқу жүктемесінің көлемі - 7 сағат. ҰОҚ ұзақтығы - 7-10 мин

**Кіші «Тұлпар» тобы**  
**(2- жастан бастап)**

Апта күндері Білім беру салалары	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
«Денсаулық» -3		Дене шынықтыру (1,0)		Дене шынықтыру (1,0)	Дене шынықтыру (1,0)
«Қатынас» -1			Сөйлеуді дамыту (0,5) 1,3 апта/ Көркем әдебиет (0,5) 2,4 апта		
«Таным» -2		Жаратылыс тану (1,0)			Сенсорика (0,5) 1,3 апта/ Құрастыру (0,5) 2,4 апта
«Шығармашылық»-3	Мүсіндеу (0,25) 1 апта/ Жапсыру (0,25) 3 апта/ Музыка (0,5) 2,4 апта		Сурет салу (1,0)	Музыка (1,0)	
«Әлеумет»-0					

Апталық оқу жүктемесінің көлемі: 9 сағ. ҰОҚ ұзақтығы : 10-15 мин.

**Ортаңғы «Көгершін» тобы  
(3- жастан бастап)**

Апта күндері Білім беру салалары	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
«Денсаулық» -3		Дене шынықтыру (1,0)	Дене шынықтыру (1,0)		Дене шынықтыру (1,0)
«Қатынас» -2,0		Сөйлеуді дамыту (1,0)		Көркем әдебиет (0,5) 1-3 апта/ Орыс тілі (0,5) 2-4 апта	
«Таным» -2,5	Жаратылыс тану (1,0)		Математика негіздері (1,0)		Құрастыру (0,5) 2,4 апта
«Шығармашылық»-3	Музыка (1,0)	Сурет салу (1,0)		Мүсіндеу (0,25) 1 апта/ Жапсыру (0,25) 3 апта/ Музыка (0,5) 2,4 апта	
«Әлеумет»-0,5					Қоршаған ортамен танысу (0,5)

**Апталық оқу жүктемесінің көлемі: 11 сағ. ҰОҚ ұзақтығы : 15-20 мин.**

<b>Вариативтік компонент- 1,0</b>		Дидактикалық ойындар (1,0)			
-----------------------------------	--	----------------------------	--	--	--

**Іс-әрекет түрлері(ойын, дербес, шығармашылық) тілдерді үйрету, жеке жұмыс  
Барлығы: 12 сағ**

**Ересек «Күншуақ» тобы  
(4-жастан бастап)**

Апта күндері Білім беру салалары	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
«Денсаулық»-3	Дене шынықтыру (1,0)	Дене шынықтыру (1,0)		Дене шынықтыру (1,0)	
«Қатынас»-2,5		Сөйлеуді дамыту (1,0)	Орыс тілі (0,5) 1-3 апта	Көркем әдебиет (1,0)	
«Таным»-2,5	Құрастыру (0,5) 1,3 апта		Математика негіздері (1,0)		Жаратылыс тану (1,0)
«Шығармашылық»-3,5		Сурет салу (1,0)	Музыка (1,0)	Жапсыру (0,5) 1,3 апта/ Мүсіндеу (0,5) 2,4 апта	Музыка (0,5) 2,4 апта
«Әлеумет»-0,5	Қоршаған ортамен танысу (0,5)				

**Апталық оқу жүктемесінің көлемі: 12 сағ. ҰОҚ ұзақтығы : 20-25 мин.**

<b>Вариативтік компонент- 2,0</b>		Сурет салу		Ертегілер елінде	
-----------------------------------	--	------------	--	------------------	--

**Іс-әрекет түрлері(ойын, дербес, шығармашылық) тілдерді үйрету, жеке жұмыс  
Барлығы : 14 сағ**

**"Дана" бөбекжай балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының 2022-2023 оқу жылына арналған тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары**

№	Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	"Балапан" кіші тобының (2 жастағы балалар)	
		Аптадағы өткізу жиілігі	Аптадағы нормативтік жүктеме
1	Дене шынықтыру		3
	Дене шынықтыру**	күн сайын	
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	күн сайын	
3	Сенсорика	күн сайын	
4	Қоршаған ортамен таныстыру	күн сайын	
5	Сурет салу	күн сайын	
	Мүсіндеу	күн сайын	
	Жапсыру	күн сайын	
	Құрастыру	күн сайын	
6	Музыка		1
	Музыка***	күн сайын	
7	Барлығы:		<b>4</b>

**"Дана" бөбекжай балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының 2022-2023 оқу жылына арналған тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары**

№	Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	«Көгершін» ортаңғы тобының (3 жастағы балалар)		«Күншуақ» ересек тобының (4 жастағы балалар)	
		Аптадағы өткізу жиілігі	Аптадағы нормативтік жүктеме	Аптадағы өткізу жиілігі	аптадағы нормативтік жүктеме
1	Дене шынықтыру		3		3
	Дене шынықтыру**	күн сайын		күн сайын	
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	күн сайын		күн сайын	
	Қазақ тілі		1		1
	Қазақ тілі ***	күн сайын		күн сайын	
3	Математика негіздері	күн сайын		күн сайын	
4	Қоршаған ортамен таныстыру	күн сайын		күн сайын	
5	Сурет салу	күн сайын		күн сайын	
	Мүсіндеу	күн сайын		күн сайын	
	Жапсыру	күн сайын		күн сайын	
	Құрастыру	күн сайын		күн сайын	
6	Музыка		1		1
	Музыка****	күн сайын		күн сайын	
7	<b>Барлығы:</b>		<b>5</b>		<b>5</b>

**"Дана" бөбекжай балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының 2022-2023 оқу жылына арналған тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары**

№	Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	«Тұлпар» ортаңғы тобының (3 жастағы балалар)	
		Аптадағы өткізу жиілігі	Аптадағы нормативтік жүктеме
1	Дене шынықтыру		3
	Дене шынықтыру**	күн сайын	
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	күн сайын	
	Қазақ тілі		1
	Қазақ тілі ***	күн сайын	
3	Математика негіздері	күн сайын	
4	Қоршаған ортамен таныстыру	күн сайын	
5	Сурет салу	күн сайын	
	Мүсіндеу	күн сайын	
	Жапсыру	күн сайын	
	Құрастыру	күн сайын	
6	Музыка		1
	Музыка****	күн сайын	
7	<b>Барлығы:</b>		<b>5</b>

**Кіші «Балапан» тобының (2 жас) 2022-2023 оқу жылына арналған  
ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесі**

<i>Ұйымдастырылған іс-әрекеттері</i>	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
<i>Дене шынықтыру-3</i>	Дене шынықтыру (1)		Дене шынықтыру (1)	Дене шынықтыру (1)	
<i>Музыка-1</i>		Музыка (1)			

1	Дене шынықтыру**	күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту	күн сайын
3	Көркем әдебиет	күн сайын
4	Сенсорика	күн сайын
5	Қоршаған ортамен таныстыру	күн сайын
6	Сурет салу	күн сайын
7	Мүсіндеу	
8	Жапсыру	
9	Құрастыру	
10	Музыка***	күн сайын

**Ортаңғы «Тұлпар» тобының (3 жас) 2022-2023 оқу жылына арналған  
ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесі**

<i>Ұйымдастырылған іс-әрекет</i>	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
<i>Дене шынықтыру-3</i>	Дене шынықтыру (1)	Дене шынықтыру (1)		Дене шынықтыру (1)	
<i>Қазақ тілі-1</i>					Қазақ тілі (1)
<i>Музыка-1</i>			Музыка (1)		

1	Дене шынықтыру**	күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту	күн сайын
3	Көркем әдебиет	күн сайын
	Қазақ тілі***	күн сайын
4	Математика негіздері	күн сайын
5	Қоршаған ортамен таныстыру	күн сайын
6	Сурет салу	күн сайын
7	Мүсіндеу	
	Жапсыру	
8	Құрастыру	
9	Музыка****	күн сайын

**Ортаңғы «Көгершін» тобының (3 жас) 2022-2023 оқу жылына арналған  
ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесі**

<i>Ұйымдастырылған іс-әрекет</i>	<b>Дүйсенбі</b>	<b>Сейсенбі</b>	<b>Сәрсенбі</b>	<b>Бейсенбі</b>	<b>Жұма</b>
<i>Дене шынықтыру-3</i>	Дене шынықтыру (1)	Дене шынықтыру (1)		Дене шынықтыру (1)	
<i>Қазақ тілі-1</i>					Қазақ тілі (1)
<i>Музыка-1</i>			Музыка (1)		

1	Дене шынықтыру**	күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту	күн сайын
3	Көркем әдебиет	күн сайын
	Қазақ тілі***	күн сайын
4	Математика негіздері	күн сайын
5	Қоршаған ортамен таныстыру	күн сайын
6	Сурет салу	күн сайын
7	Мүсіндеу	
	Жапсыру	
8	Құрастыру	
9	Музыка****	күн сайын



**Ересек «Күншуақ» тобының (4 жас) 2022-2023 оқу жылына арналған  
ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесі**

<i>Ұйымдастырылған іс-әрекет</i>	<b>Дүйсенбі</b>	<b>Сейсенбі</b>	<b>Сәрсенбі</b>	<b>Бейсенбі</b>	<b>Жұма</b>
<i>Дене шынықтыру-3</i>	Дене Шынықтыру (1)		Дене шынықтыру (1)		Дене шынықтыру (1)
<i>Қазақ тілі-1</i>		Қазақ тілі (1)			
<i>Музыка-2</i>		Музыка (1)		Музыка (1)	

1	Дене шынықтыру**	күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту	күн сайын
3	Көркем әдебиет	күн сайын
	Қазақ тілі***	күн сайын
4	Математика негіздері	күн сайын
5	Қоршаған ортамен таныстыру	күн сайын
6	Сурет салу	күн сайын
7	Мүсіндеу	
	Жапсыру	
8	Құрастыру	күн сайын
	Музыка****	

**Инновациялық технологиялар:**

«Денсаулықты сақтау технологиясы»  
«Монтессори»  
«Ойын» технологиясы  
«Денсаулық» технологиясы  
«ТРИЗ» технологиясы  
«Мнемотехника» технологиясы  
Ақпараттық-коммуникативтік технология  
«Зерттеу»  
«Танграм»

**Дамытушы әдістер:**

В.В. Воскобовичтың ойын әдісі  
Н.А. Зайцевтің текшелері  
Ф.Фребель ойын құралы  
Никитин кубиктері  
«Әуенді кесте»

**2021-2022** оқу жылында «Дана» бөбекжай-балабақшасы тәрбиелеу мен білім беру қызметін Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына; Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына; Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асырды. Өткен оқу жылында тәрбиелеу мен білім беру процесін ұйымдастыруда балабақша ұжымы алдына мынадай мақсат қойды.

Денсаулық технологияларын ендіру арқылы балаларды салауатты өмір салтының құндылықтарына баулу, денсаулығын нығайту, балабақша ішілік әртүрлі мерзімде жобалар жоспарлау арқылы, түрлі шынықтыру және сауықтыру шаралары арқылы дене бітімінің дұрыс қалыптасуына, қоғамдық ортада инновациялық әдістер мен технологияларды қолданып, балаларды ауызша қарым-қатынас жасауға, диалог құру дағдыларын қалыптастыру, қарым-қатынас нормаларына, құрдастары мен ересектер арасындағы өзара қарым-қатынасқа баулу, тыңдау мәдениетін қалыптастыру, сөздік қорды дамыту, тілдің грамматикалық құрылымына, сөзді дыбыстау мәдениетіне және байланыстырып сөйлеуге үйрету жұмыстары ұйымдастырылды. Алынған міндеттерді іске асыру үшін жылдық жоспар түзілді, атқарылатын іс-шараларды жоспарланды. Өтпелі тақырыптар негізінде перспективалық жоспар жасалып, перспективалық жоспарға сәйкес балалармен алдағы табысты жұмыстың мазмұнын, нысандарын, әдістерімен тәсілдерін таңдауға, жұмыс уақытын қолдануға нақты бағыт беретін циклограмма құрылды. Балабақша педагогтары балаларды шаршатпай баланың ынтасын, тілегін ескеріп, бала үнін тыңдай отырып ұйымдастырылған оқу қызметтерін бес

білім беру салаларын кіріктіре отырып, ойын түрінде өткізді. Ұйымдастырылған оқу қызметтері үнемі топ бөлмесінде ғана емес, ойын алаңдарында жоспарланды. Ойын барысында тәрбиешілер балалардың өз тәжірибелерін оң және теріс деп талдауға, өз эмоцияларын реттеуге үйретті, өмірлік маңызды дағдыларын дамытты. Балаларға қауіпсіз, қолайлы, қолжетімді, мазмұнды, көп атқарымды заттық-кеңістік дамытушы орта құрылды. Онда балалар өз бетінше үйренуге, ойын материалдарымен ойнауға мүмкіндік алса, тәрбиешілер баланың қабілеттерін бақылап, баланы қабілетін қарай тәрбиелеуге мүмкіндік алды.

Ересек «Күншуақ» тобының тәрбиешілері Г.Сабыркулова мен М.Коспанова 1-Қыркүйек Білім күніне арналған ертеңгілігінде балаларды зейін қойып тыңдауға, тапсырмаларды орындауға ептілік пен зеректікке баулуды мақсат етсе, «Алтын күз» ертеңгілігін, Тәуелсіздіктің 30-жылдығына арналған «Тәуелсіздік – ел тірегі» тақырыбында ертеңгілік, Жасыл шырша мерекесіне «Қош келдің Жана жыл!» атты ертеңгілік, Аналар күніне «Ана-гүл, ана-жыр, ана-өмір шуағы» атты ертеңгілік, Ұлыстың ұлы күні наурыз мерекесіне «Жыл басы - Наурыз» атты ертеңгілік өтті. Тәрбиеші Г.Сабыркулова қоршаған ортамен таныстыру және сурет, тіл дамыту оқу қызметтерін кіріктіріп, «Табиғат-біздің досымыз!» ашық оқу қызметінде балаларға тірі және өлі табиғат туралы ұғым берді. Адам еңбегін бағалауға және табиғатты аялап, қорғауға тәрбиеледі. М.Коспанова сөйлеуді дамыту білім бөлімі бойынша «Ғажайып қыс» ашық оқу қызметін өткізді. Оқу қызметінде тәрбиеленушілер тапсырмаларды толық орындап, түрлі әдістер арқылы сұрақтарға нақты жауап беруге үйренді.

Ортаңғы «Көгершін» тобында тәрбиешілер Д.Давранова мен А.Тлеуова бүлдіршіндермен «Алтын күз» ертеңгілігінде күз мезгілінің жомарттығы мен молшылығынан көріністер көрсетіп, балаларға қуаныш сыйлады. «Елімнің еркіндігі - Тәуелсіздік» атты бағдарламада өтті, аналар күніне «Аяулы анашым» тақырыбында аналарға құрмет көрсетіп, мейірімділікке тәрбиелесе, ұлттық құндылықтарға тәрбиелеуде «Жыл басы - Наурыз!» ертеңгілігін өте жақсы дәрежеде өткізді. Сондай-ақ 1 мамыр мерекесіне орай «Береке-бірлікте, ырыс-ынтымақта» тақырыбындағы және оқу жылы соңында 1 маусым Балаларды қорғау күніне орай «Бақытты балалық шақ» мерекелері де өте жақсы деңгейде өтті.

Музыка жетекшісінің м.у.а. Д.Ешметова тәрбиешілердің оқу қызметтерінде ақпараттық коммуникативтік құралдармен қамтамасыз етіп, балалардың қызығушылығын ескеріп, қызықты ойындар ұйымдастырып, балабақшада өткен барлық мерекелерге жауапкершілікпен қарап, жақсы деңгейде өтуіне ат салысты.

Кіші «Тұлпар» тобының тәрбиешісі С.Накжанова 8 наурыз мерекесіне орай «Ана біздің гүліміз!» тақырыбында өте әсерлі ертеңгілік өткізді. Рухани құндылықтарды дәріптеу мақсатында «Қош келдің өз Наурыз!» ертеңгілігі де өте жақсы өтті. Тәрбиеленушілердің қыс туралы түсініктерін кеңейту, жұмбақтар мен тақпақтар арқылы балалардың тілін дамыту мақсатында жаратылыстану білім бөлімі бойынша «Қыс қызығы» тақырыбында ашық оқу

қызметін өткізді. Оқу қызметінде балалардың қыс мезгіліне сәйкес суреттерге карап әңгімелеу дағдыларын дамытты.

Ерте жас тобының тәрбиешісі К.Ахтаева оқу жылы барысында өз тобының жас ерекшеліктеріне сәйкес қыс туралы суреттерді көрсете отырып, «Қыс қызығы» ашық оқу қызметінде қыс туралы түсінік берді, ұсақ қол моторикаларын дамыту мақсатында ақ қағазды умаждау арқылы қар түйіршіктерін жасады. Оқу қызметі балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес дұрыс ұйымдастырылған.

Жалпы тәрбиешілер балалармен жазғы маусымға арналған көңілді ойындар, эстафеталық жарыстар, шынықтыру шаралары, денсаулық мерекелерін, туылған күндер мен серуендер ұйымдастырды.

Педагогтармен жылдық жоспар бойынша 5 пед кеңес, өндірістік кеңес, меңгеруші жанындағы кеңестер өткізілді.

Педагогтардың кәсіби құзыреттілігін дамытуда, белсенділігі мен білімін тиянақтау мақсатында күн тәртібінде баяндамалар, пікір алмасу, ситуациялық сұрақтарды шеше отырып, ұсыныстар мен кеңестер беріліп, тренингтер мен көрмелер ұйымдастырылды.

Алдағы жаңа 2022-2023 оқу жылында әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу мақсаттары жоспарланды.

## **2022-2023 оқу жылының міндеттері**

### **Міндеттері:**

Әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу.

### **Мақсаттары:**

- Балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру;
- Тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру;
- Отанды, ана тілін сүйуге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу;
- Балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуге, қолдың ұсақ моторикасын, командада жұмыс істеу дағдыларын дамыту;

**2022-2023** оқу жылында «Дана» бөбекжай-балабақшасы тәрбиелеу мен білім беру қызметін Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына; Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына; Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асырды. Оқу жылы барысында қойылған мақсатқа сәйкес тәрбиелеу мен оқыту жоспарлары мен іс-шаралары түзілген.

Балабақшаның жылдық жоспарына сәйкес оқу жылында 5 рет педагогикалық кеңес, 6 рет меңгеруші жанындағы кеңестер өткізілді. Сондай-ақ балабақшада 4 рет педагогикалық әдеп отырысы өткізіліп, онда педагогикалық этика нормалары қарастырылды. 2 рет жалпы ата-аналар жиналыстары өткізілген. Тәрбиелеу мен оқыту үдерісінде жылдық мақсаттарға сәйкес ұйымдастырылған ашық оқу қызметтері жүйелі өткізіліп отырған.

«Күншуақ» ересек тобында «Күз кереметі» ұйымдастырылған ашық іс-әрекетінде тәрбиеші табиғаттың маусымдық ерекшеліктері туралы түсінік бере отырып, дөңгелек, сопақ бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерін бекітті. Өлең оқи отырып, балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастырды.

II кіші «Тұлпар» тобында танымдық және шығармашылық дағдыларын қалыптастыру мақсатында «Түрлі-түсті түймелер» тақырыбындағы ұйымдастырылған ашық іс-әрекеті де балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес ұйымдастырылған.

Топтарда жүйелі түрде мерекелік іс-шараларға байланысты музыка жетекшісінің және тәрбиешілердің жетекшілігімен ертеңгіліктер өткізіліп отырды.

«Дана» бөбекжай балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнында 2023 жыл 10-14 сәуір аралығында Мектепке дейінгі ұйым педагогтарымен «Педагогтің кәсіби құзіреттілігі-оқыту сапасын арттыру кепілі» тақырыбында облыстық онкүндік аясында 2023 жыл 14 сәуірде «Ертегілер еліне саяхат» тақырыбындағы өңірлік семинар өткізілді.

Семинардың мақсаты ертегілер арқылы мектепке дейінгі жастағы балалардың тілін дамыту, байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, еліміздің ұлттық құндылықтарын, бала санасына сіңіру, балалардың бойында адамгершілік қасиеттерді, жақын адамдарына сүйіспеншілікті, оларға қамқорлық жасауға ынтасын, өз еліне құштарлық сезімін, оның тарихына қызығушылықты тәрбиелеуді қарастыру.

«Ұлттық ерекшелікті ұлықтаған көрме» тақырыбындағы қол өнер көрмесі ұйымдастырылды.

Семинар барысында Ортаңғы «Көгершін» тобында тәрбиеші С.Накжанова балалардың коммуникативтік дағдыларын арттыру мақсатында «Шуақты көктем» атты ұйымдастырылған іс-әрекеті өткізді. «Дүние неліктен жақсы» ертегісін сахналай отырып, табиғаттың жағымды құбылыстары жайлы түсінік берді. Ертегілерді сахналай отырып, балалардың рухани жаңғыруына ықпал етті.

Ересек «Күншуақ» тобында тәрбиеші А.Тлеуова «Алтын сақа» ұйымдастырылған іс-әрекетінде балалардың коммуникативтік дағдыларын дамытуға ықпал етті. Қазақ халқындағы ұлттық құндылықтарды дәріптеу ұйымдастырылған іс-әрекет барысында қарастырылғаны байқалды. Ертегілер арқылы сахналық қойлымдарға қатысуға, ертегілер бойынша қарапайым қойлымдарды ойнауға тәрбиеледі.

Тәрбиеші К.Ахтаева семинарға келушілермен өзінің «Эбру техникасы» арқылы дәстүрден тыс сурет салу әдісі тақырыбында шебер сынып өткізді. Сондай-ақ балабақша педагог-психологі М.Коспанова «Жүрек жылуы-достықта, мейірімділік пен сыйластықта» тақырыбында психологиялық тренинг өткізді. Семинар соғында түрлі мәселелер қаралып, ЖААӘДБ әдіскері А.Нұралиева семинар жұмысын қортындылады.

Қазақстан Республикасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында балабақшада жұмыстар өз жалғасын табуда. Ата-аналарды балабақша өміріне араластыру мақсатында «Шебер қолдар» акциясы ұйымдастырылды, «Кітап біздің досымыз» бұрышына ата-аналар балаларға арналған кітаптар сыйлады.

Қазақстан Республикасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында балабақшада кіші топта «Кітаптар әлемі» тақырыбында ашық ұйымдастырылған іс-әрекетін өткізді. Балаларға кітаптар арқылы ертегі кейіпкерлерін таныстырды, «Шалқан» ертегісін өте жақсы сахналады.

Ортаңғы «Тұлпар» тобы балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім дағдыларын, рухани адамгершілік дағдыларын қалыптастыру мақсатында батыр ағамыз Абылай Әлімбетов атындағы саябаққа серуен ұйымдастырылды. Серуен балабақша меңгерушісінің рұқсатымен ішкі бұйрық негізінде ұйымдастырылды. Серуен кезінде балаларға батыр Абылай Әлімбетовтың ескерткішін көрсетіп, саябақта жұмыс жасайтын бағбандармен таныстырды. Балалар ол жерде «Достық» әнін шырқап, тақпақтар айтты.

Жалпы адами және ұлттық құндылықтарды дәріптеу ортаңғы «Күншуақ» тобында жалғасты. Тәрбиеші С.Накжанова қазақтың ұлттық ойыны «Шаңырақ» ойынын ұйымдастырды.

Ересек тобының тәрбиешісі Д.Давранова мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік дағдыларын, рухани адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру мақсатында балабақшаға жақын жердегі «Ынтымақ» аллеясына серуен ұйымдастырды. Серуен барысында балалар «Туған жер» әнін әсерлі орындады. Тәрбиеші аллеяда балаларға бақытты балалық шақ сыйлаған соғыс ардагерлері мен тыл, еңбек ардагерлерін таныстырды. Ол кісілердің жасаған ерліктерін атап өтті. Нұрлы болашақ сыйлаған ата-бабаларымызға арнап «Тәуелсіз Қазақстан» әнін орындады. Балалардың қызығушылықтарын арттырып, сұрақтарына жауап берді.

Ортаңғы топтан бастап мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.

Күн сайын балаларға кітаптарды оқып беру, балалардың оқылған, тыңдалған шығармалардан әсер алуына ықпал ету, балалардың жасына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттату, кітаптардағы иллюстрацияларды көрсету

және оларға түсініктеме беру, балалардың ойларын тыңдау, балаларға қызықты кітаптарды таңдау, ол үшін топта немесе мектепке дейінгі ұйымда балаларға арналған кітаптардан, сондай-ақ балаларға арналған аудио шығармалардан кітап бұрышын ұйымдастырылған. Балалардың өз бетінше, балалармен бірлесіп кітаптарды қарауына, тыңдалған шығармалардағы кейіпкерлердің әрекетін ойында қайталауға немесе ойдан кейіпкердің рөлін өзінше сомдауға және т.б. мүмкіндік беріледі. Кітап бұрышын жасау, кітапты уақытша пайдалануға үйге беру қолға алынып жатыр.

### **5. Оқу-материалдық активтер**

МКҚК «Дана» бөбекжай балабақшасында ғимарат іші-сырты, жиһаз және жабдықтармен қамтылуы тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мазмұнға, мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына сай жабдықталған. Балабақша ғимараты 2006 жылы іске қосылып, үздіксіз жұмыс жасап келеді. Ыңғайластырылған, сыйымдылығы 100 балаға арналған, қазіргі уақытта 80 тәрбиеленуші тәрбиеленуде, 1 қабатты ғимарат 3 корпуста тұрады. Материалдық-техникалық базасы заман талабына сай жабдықталған. Су, электр жүйесі орталықтандырылған. Жылу жүйесі пеш арқылы газбен жылытылады. Кәріз бен жылу жүйесі автономды. Балабақшаның әрбір топ бөлмесі өрт-дабыл қондырғылары және бейнебақылау камераларымен, кварцпен жабдықталған. Балабақшада интернет бар. Топтық және жататын бөлмелер бір-бірінен бөлінген. Әр бір топтың өзінің бөлек есігі бар. Балабақшамызда баланың өмірін сақтау және денсаулығын нығайту, толыққанды дене бітімін дамыту, салауатты өмір салты құндылығын қалыптастыру үшін барлық жағдайлар жасалған. Топтары таза, кең, жарық, ойыншықтары мол. Әкімшілік бөлмелері, қойма, кір жуу орны және медицина бөлмелері бар. Балабақша ғимараты алдында ас әзірлейтін асхана бар, талапқа сай жабдықталған. Балабақша учаскелерінде әр топтың өз серуендейтін жері бар, мұнда әрбір жас ерекшелігіне сәйкес ойын құрал-жабдықтарымен қамтамыз етілген. Арнайы ойын-сауық өткізу үшін, жазғы уақыт аралығында балалармен қимыл ойындар мен дене жаттығуларын ұйымдастыруды көздейтін спорттық алаңы бар. Бала денсаулығын нығайтатын ойын құралдары бар спорт алаңдары, әр топқа арналған көлеңкелі саяжайлары бар, олар ойын құралдарымен: карусель, әткеншектер, сырғанақ төбешіктері, құм толтырылған бастырмалармен жабдықталған. Жазғы шомылуға арналған ашық бассейн бар. Ғимарат айналасы түрлі ағаштар, гүлзарлармен көгалдандырылған. Медицина бөлмелері: емшара бөлмелері, оқшаулау бөлмесі, балалардың антропометриялық өлшеулерін анықтайтын құралдармен, кварцпен және дәрі дәрмекпен, санитарлық қағидаларға 12-қосымшаға сай құрал-саймандармен жабдықталған. МКҚК «Дана» бөбекжай балабақшасы бойынша мектеп жасына дейінгі баланың тұлғалық, зияткерлік, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын қамтамасыз ететін жағдайлар жасау туралы бейнематериал, фото суреттер, жабдық пен жиһазға арналған жүк құжаттардың көшірмелері, бухгалтерлік есептік деректерінен негізгі құралдар тізбесінің көшірмесі әдістемелік ұсынымдарға 4-қосымшаға сәйкес басшының қолымен және мөрімен расталған кесте <https://danabaksha-edu.kz/> сайтына қоса берілді. Үлгілік қағидалардың 9-тармағы бойынша «Мектепке

дейінгі ұйымдарды жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету "Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады» талабы бойынша құжаттары, жабдықтар мен жиһазға жүкқұжаттардың көшірмелері және бухгалтерлік есептілік деректерінен негізгі құралдар тізбесінің көшірмелері <https://danabaksha-edu.kz/> сайтына ұсынылды.

№	Топтардың жас ерекшелігі	Дамытушы-заттық кеңістік орта құралдары
1	«Күншуақ» ересек тобы	<p><b>Физикалық қасиеттерін дамытуға арналған құралдар:</b>            Самокаттар, құрсаулар, доптар, құм салынған қапшықтар, сауықтыру шараларына арналған іздер, кедергілер, жалаушалар, ұзын-қысқа арқандар. Қимылды ойындар атрибуттары:            «Құстар», «Паравоз», «Қояндар», «Автобус», «Өрт сөндірушілер»,</p> <p><b>Коммуникативтік дағдыларын дамытуға арналған көрнекіліктер</b>  <b>Кітап бұрышы</b>            «Жалқау мысық», «Түлкі, қараторғай және қарға», «Маша мен аю», «Қаршақыз бен жеті құртақан», «Менің сүйікті ертегілерім», «Үйрек түлкіге қалай алданды?», «Түлкі мен қоян», «Шыны таудағы ханша», «Ертегім неткен, мұратына жеткен», «Қорқақ қоян», «Алтын балта», «Ай мен күн», «Бұлбұл мен тоқылдақ», «Төрт түлік», «Зоопарк кітапшасы», «Жыл мезгілдері», «Горилла адам, Маугли», «Қойшы бала», «Жалқау қоян» ертегілері, «Өнші балапан» ән кітабы.            «Табиғат сыйы» альбом, жұмбақтар, өлеңдер, тақпақтар, санамақтар жинақтары, сөйлейтін әліппе</p> <p><b>Сюжеттік рөлдік ойындар:</b> «Асхана», «Жол полициясы», «Сән салон», «Дәріхана», «Құрылысшы», «Ертегілер елінде», «Киіз үйде» «Шаштараз».</p> <p><b>Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту материалдары</b>            Түрлі түсті қасықтар, қайшылар, жемістер муляжы, кубиктер жинағы, түрлі – түсті құм салғыштар, түрлі-түсті алақан ойыны, жолақты карточкалар, ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа, жуан-жіңішке жолақшалар, жемістер-үлестірмелі материалдар бала санына лайықты, үлестірмелі ойыншықтар, ағаштан жасалған пішіндер, қима қағаздар, домино, мазайка, сандар әлемі, фетрден жасалған көрнекіліктер</p> <p><b>Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекеттерін дамыту</b>            Магнит тақта, түтікшелер, шырша жемістер, құм салғыштар, құм сағатар, ұннан жасаған күлшелер, жаңғақ шаққыш, пипеткалар, губкалар, тостағандар, тарелкалар, стакандар, тігін машинасы, пирамидалар, құрастырғыштар жол белгілері, түрлі-түсті бояулар, қарындаштар, гуаш, тақтайшалар. ермексаз, борлар.            Музыкалық ойыншықтар</p> <p><b>Әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру</b>  <b>Табиғат бұрышы:</b> Бөлме гүлдері, фетрден жасалған жыл мезгілінің көріністер, ауа райын белгілейтін календар, қағаздан,</p>



		<p>фетрден, бархаттан, шишкалардан, жіптен, моншақтардан жасалған гүлдер, жәшіктерге егілген пияз көшеттері.</p> <p><b>Патриоттық тәрбиеге арналған альбомдар:</b> «Менің Астанам», «Қазақстан қалалары», «Табиғат біздің анамыз», «Менің отбасым», «Қазақ салт дәстүрлері», «Қос мекенділер», «Дала құстары» альбомдары</p>
2	«Көгершін» ортаңғы тобы	<p><b>Физикалық қасиеттерін дамытуға арналған құралдар:</b> Қимылды ойындар картотекалары, үлкен және кіші доптар бала санына лайықты, құрсаулар, доптар, құм салынған қапшықтар, сауықтыру шараларына арналған іздер, кедергілер, жалаушалар, суықтыру шарасына арналған құралдар.</p> <p><b>Коммуникативтік дағдыларын дамытуға арналған көрнекіліктер</b> Артикуляциялық гимнастика картотекалары, түрлі-түсті суретті альбомдар «Жыл мезгілдері», «Көлік түрлері», «Балықтар», «Дала гүлдері», «Қазақстан қалалары», «Жәндіктер», «Құстар», «Тәтті нандар» Санамақтар, Тақпақтар жинағы, Ертегі желісі бойынша фетрден жасалған кітаптар <b>Кітап бұрышы:</b> «Бұлбұл мен тоқылдақ», «Түлкінің жорықтары», «Қызыл телпек», «Әтеш пен тотықұс», «Жеті лак», «Үш көбелек», «Түлкі мен қарға», «Етік киген мысық», «Төрт түлік» <b>Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту материалдары</b> Дидактикалық ойындар картотекалары, үлестірмелі түрлі түсті пішіндер, мазайка, перапидалар, муляждар, таяқшалар, қыстырғыштар, шелект ер, сырмалар, баулар, кітапшалар фетрден <b>Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекеттерін дамыту Театр түрлері:</b> Қуыршақ театры «Ақымақ қасқыр», «Үш аю», «Үш торай», «Шалқан», «Қызыл телпек», «Үйшік» Үстел үсті театры «Көкөністер дауы», «Жеті лак», «Көңілді ойыншықтар» Сюжеттік рөлдік ойындар: «Құрылысшы», «Отбасы», «Дәрігер», «Құрылысшы», «Диханшы», «Аспазшы» Зерттеу ойындары картотекалары, гуаш, тақтайшалар. ермексаз, борлар, трафареттер, түрлі түсті қағаздар, картон қағаздар, қайшы, желімдер <b>Әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру</b> «Көліктер», «Астана әсем қала», «Жабайы жануарлар», «Әуе көліктері», «Жақсы мен жаман», «Жануарлар әлемі», «Біздің көше» «Этно» достық альбомдар, глобус, рәміздердің суреттері</p>
2	«Тұлпар» ортаңғы тобы	<p><b>Физикалық қасиеттерін дамытуға арналған құралдар:</b> Қимылды ойындар картотекалары, үлкен және кіші доптар бала санына лайықты, құрсаулар, доптар, құм салынған қапшықтар, сауықтыру шараларына арналған іздер, кедергілер, жалаушалар, суықтыру шарасына арналған құралдар.</p>

		<p><b>Коммуникативтік дағдыларын дамытуға арналған көрнекіліктер</b>          Артикуляциялық гимнастика картотекалары, түрлі-түсті суретті альбомдар «Жыл мезгілдері», «Көлік түрлері», «Балықтар», «Дала гүлдері», «Қазақстан қалалары», «Жәндіктер», «Құстар», «Тәтті нандар»          Санамақтар, Тақпақтар жинағы, Ертегі желісі бойынша фетрден жасалған кітаптар  <b>Кітап бұрышы:</b> «Бұлбұл мен тоқылдақ», «Түлкінің жорықтары», «Қызыл телпек», «Әтеш пен тотықұс», «Жеті лақ», «Үш көбелек», «Түлкі мен қарға», «Етік киген мысық», «Төрт түлік»  <b>Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту материалдары</b>          Дидактикалық ойындар картотекалары, үлестірмелі түрлі түсті пішіндер,          мазайка, перапидалар, муляждар, таяқшалар, қыстырғыштар, шелект ер, сырмалар, баулар, кітапшалар фетрден  <b>Шығармашылық дағдыларын , зерттеу іс-әрекеттерін дамыту Театр түрлері:</b>          Қуыршақ театры «Ақымақ қасқыр», «Үш аю», «Үш торай», «Шалқан», «Қызыл телпек», «Үйшік»          Үстел үсті театры «Көкөністер дауы», «Жеті лақ», «Көңілді ойыншықтар»          Сюжеттік рөлдік ойындар: «Құрылысшы», «Отбасы», «Дәрігер», «Құрылысшы», «Диханшы», «Аспазшы»          Зерттеу ойындары картотекалары, гуаш, тақтайшалар. ермексаз, борлар, трафареттер, түрлі түсті қағаздар, картон қағаздар, қайшы, желімдер  <b>Әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру</b>          «Көліктер», «Астана әсем қала», «Жабайы жануарлар», «Әуе көліктері», «Жақсы мен жаман», «Жануарлар әлемі», «Біздің көше»          «Этно» достық альбомдар , глобус, рәміздердің суреттері</p>
3	«Балапан» кіші тобы	<p><b>Физикалық қасиеттерін дамытуға арналған құралдар:</b>  <b>Қимылды ойын атрибуттары</b>          «Тышқан мен лақ», «Қояндар», «Балапандар», «Пойыз», «Торғайлар мен мысық», «Тышқан мен Мысық», «Түлкі мен балапандар», «Қоңырауым қайда?», «Мысық пен тышқандар», «Торғай мен автомобильдер», «Қаздар», «Күн мен жаңбыр» т.б          Қимылды ойындар картотекалары, үлкен және кіші доптар бала санына лайықты, құрсаулар, доптар, құм салынған қапшықтар, сауықтыру шараларына арналған іздер, кедергілер, жалаушалар, сауықтыру шарасына арналған құралдар  <b>Коммуникативтік дағдыларын дамытуға арналған көрнекіліктер</b>  <b>Бейнелік ойыншықтар:</b> жабайы және үй жануарлары, қуыршақтар, жұмсақ ойыншық, көліктер, үй құстары  <b>Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту материалдары:</b>  <b>Дамытушы ойыншықтар</b>  <b>Сенсорикалық заттар.</b>          Моншақ тізуге арналған дөңгелектер, түрлі-түсті қыстырғыштар, фетрден жасалған кітапшалар, жапсырмалы фетрлер, үлестірмелі</p>

		<p>материалдар, түрлі-түсті қасықтар, таяқшалар, құрастырғыштар, перамидалар</p> <p><b>Шығармашылық дағдыларын , зерттеу іс-әрекеттерін дамыту</b></p> <p><b>Қуыршақ театры</b></p> <p>«Үш аю» ертегісі, «Жеті лак», «Бауырсақ», «Үйшік », «Шалқан», «Сүзеген ешкі», «Құмырсқа мен кірпі» ертегілері</p> <p><b>Үстел үсті</b> «Ойыншықтар», «Шалқан», «Матрешкалар»,</p> <p><b>Сюжеттік рөлдік ойындар</b> «Қуыршақты бесікке бөлеу», «Айшаны тамақтандырамыз», «Асхана», «Бесік жыры»</p> <p><b>Әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру</b></p> <p>«Жануарлар әлемі», «Үй құстары», «Әкем, анам , мен», тақырыбындағы суретті альбомдар мен бейнетаспалар</p>
--	--	--

Мектепке дейінгі жастағы балалармен жұмыс барысында педагогтер әр баланың мінез-құлқын, жас психо-физиологиялық ерекшеліктерін, табиғи шығармашылық қабілетін ескереді. Балабақшада әр баланың жеке тұлға боп дамуына барлық жағдай жасалынған. Барлық жастағы топтарда жас ерекшеліктеріне сай сурет салуға, мүсіндеуге қарындаштары, қағаздары, ермексаздары, әртүрлі бояулары қолжетімді орналасқан бұрыштары бар. Топтарда музыкалық бұрыштар бар. Театрланған әрекеттер үшін түрлі жабдықтар (қуыршақтар, театрлық костюмдер, шымылдық), театрдың бірнеше түрі (көлеңкелік, үстелдік және т.б.) бар. Балабақшада топтарда балалардың танымдық дүниетанымын дамытуға арналған (мозайкалар, түрлі-түсті ойыншықтар және т.б.) дидактикалық ойындар (лото, домино, сурет жиынтықтары) әр түрлі сюжетті ойын жиынтықтары және қуыршақтар мен әртүрлі пішіндегі жануарлар, ойыншық жиһаздар, ойыншық телефон сияқты және балалардың әр түрлі кәсіп түріне бейімделіп дамуына арналған «Дүкен», «Шаштараз», «Аурухана» және т.б. тақырыптары бойынша түрлі жиынтықтар бар. Серуен кезінде ойнауға арналған (шелек, күрек, түрлі пішіндер, қалақтар) ойыншықтары бар. Ересек топтарда балалардың құрастыру қызметін дамытуға арналған барлық жағдай жасалған. Сонымен қатар ұсақ және ірі құрылыс материалдары түрлі құрастырғыштар, түрлі құрылыс схемалары, сызбалары, мозайкалар, танграммалары бар. Бейнелеу өнеріне арналған табиғи материалдар бар. Сондай-ақ топтарда «Қазақтың ұлттық бұйымдары» атты бұрыштар бар. Орталықтың басты мақсаты балаларды қазақ халқының мәдени құндылықтарына баулу және тәрбиелеу. Балалар қазақ халқының шығармашылығымен, салт-дәстүрімен танысады. Сонымен қатар әрбір топта балалардың ойнау қажеттіліктерін қамтамасыз етуге арналған ойын алаңдары бар. Топтағы ойнау бұрыштары сюжетті рольге бөліну және дамыту ойыншықтарынан тұрады. Кіші және ортаңғы топтағы «Үй, «Аурухана», «Шаштараз», ал ересек топта «Кітапхана», «Дүкен» сияқты сюжетті рольге бөліну ойындарының барысында балалардың өздігімен рольді бөлу, ересектермен бірігіп ойынға арналған құралдарды дайындау мәнері қалыптасып, сонымен қатар ойындарды ұйымдастыру белсенділігі, тіл байлығы артады. Балабақшаның барлық табиғи–кеңестік ортасы санитарлық тексеру мекемелерінің талаптарына Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу

бағдарламасына, Қазақстан Республикасы Денсаулық министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі №ҚР ДСМ-59 бұйрығы «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына сәйкес келеді.

### **6. Ақпараттық ресурстар және кітаптар қоры.**

Әдістемелік ұсынымдарға 5-қосымшаға сәйкес оқу әдістемелік кешендердің болуы туралы мәліметтердің басшының қолымен және мөрімен расталған кестесі <https://danabaksha-edu.kz/> сайтына орналастырылды.

### **7. Тәрбиеленушілердің білімдерін бағалау.**

Балаларды тәрбиелеу мен оқыту деңгейлерін қадағалау баланың жасына сәйкес жетістіктерінің мониторингі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы дайындаған Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру бойынша балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымына сүйеніп жасалынды. Стандарт талаптары бала дамуының 3 деңгейі болуын қарастырады және бала жетістіктерінің мониторингі негізінде жасына сәйкес іске асырылады:

Осы диагностика негізінде тәрбиеші, психолог және педагог мамандармен бірге үлгілік бағдарлама мазмұнын меңгеру деңгейін анықталды. Бастапқы бақылау қыркүйек айында жүргізілсе, аралық бақылау қаңтар, қортынды бақылау мамыр айында жүргізілді. 2021-2022, оқу жылындағы бастапқы, аралық, қорытынды кезеңдерімен 2022-2023 оқу жылындағы балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын бастапқы, аралық, қорытынды бақылау нәтижелері бойынша материалдары электронды және қағаз түрінде жинақталған. Бастапқы, аралық, қорытынды диагностиканың нәтижелері бойынша бақылау парақтарының мәліметтері негізінде баланың жеке даму картасы топтағы әрбір балаға толтырылған (тәрбиеленушілердің жеке даму жоспарларының (карталары) көшірмелері электронды нұсқада <https://danabaksha-edu.kz/> сайтына жіберілді

### **8. Білім беру процесіне қатысушылардың және т.б. сауалнамасы.**

МКҚК «Дана» бөбекжай балабақшасының ересек «Күншуақ» тобында 25 тәрбиеленушінің ата-аналарынан сауалнама аттестаттау Комиссиясының «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес жас топтары бойынша меңгерілуі тиіс білім, білік, дағды көлемін табысты игеруін» бағалау бойынша жүргізілетіні туралы ересек топ ата-аналарына түсіндіру жұмысы жүргізілді.

Білім беру ұйымдарын  
бағалау өлшемшарттарының  
1-қосымшасы

**Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттар**

p/c №	Бағалау өлшемшарттары	Өлшеуіштер	Балдары
1	Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі	100 %	4
		95 - 99 %	
		80 - 94 %	
		80 %-дан төмен	
2	Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей) үлесі	100 %	4
		95 - 99 %	
		80 - 94 %	
		80 %-дан төмен	
3	Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі	100 %	4
		95 - 99 %	
		80 - 94 %	
		80 %-дан төмен	
4	Білім беру ұйымының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 тіркелген) сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жаратқандырылуы	100 %	5
		95 - 99 %	
		80 - 94 %	
		80 %-дан төмен	
5	Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23513 тіркелген) сәйкес жағдай жасау	100 %	
		95 - 99 %	
		80 - 94 %	
		80 %-дан төмен	
6	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20708 тіркелген) сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету	100 %	5
		95 - 99 %	
		80 - 94 %	
		80 %-дан төмен	

7	Жас топтары толықтырылуының сәйкестігі (топтар бөлінісінде)	100 %	5
		95 - 99 %	
		80 - 94 %	
		80 %-дан төмен	
8	Ата-аналардың нәтижелерін талдау сауалнама	80 % -дан 100% - ға дейінгі респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған	
		65% -дан 79 % - ға дейінгі респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған	
		50 % -дан 64 % - ға дейінгі респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған	
		50 %-дан кем респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған	
9	Педагогтердің нәтижелерін талдау сауалнама	80 %-дан 100% - ға дейінгі респонденттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанған	
		65%-дан 79 % - ға дейінгі респонденттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанған	
		50 %-дан 64 % - ға дейінгі респонденттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанған	
		50 % -дан кем респонденттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанған	

Білім беру ұйымының басшысы

Ж.Арынбаева

(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) (қолы))





## ӨЗІНДІК БАҒАЛАУ НӘТИЖЕЛЕРІН ҚОРЫТЫНДЫЛАУ






«Дана» бөбекжай балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнында өзіндік бағалау 2023 жыл сәуір айының 10-14 аралығында өтті.

### ҚОРЫТЫНДЫСЫ:

Мектепке дейінгі ұйымның тәрбие мен оқыту жұмысы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдесіндегі «Білім туралы» Заңының 5-бабының 5-тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 5 мамырдағы № 182 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 қыркүйегі № 412 бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Мектепке дейінгі білім берудің үлгілік оқу жоспарын бекіту туралы бұйрығына сәйкес, Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына, «Балаларды ерте дамыту институтының» 2022 жылғы 23 қарашадағы ұсынылған Әдістемелік нұсқаулығына сәйкес «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» бағдарламасымен жұмыс жасайды.

1. Мектепке дейінгі ұйымда Педагогикалық ұжым тәрбиелеу мен оқытуда жұмыстарының озық үлгідегі жаңалықтарымен тәжірибе алмасып, сапасына баса назар аударады.

2. Мектепке дейінгі ұйымда көңіл-күй мен психологиялық жағдайды қалыптастыру және балалардың денсаулығын сақтау мен нығайтуға ерекше көңіл бөлінеді.

Коммиссия төрайымы: Балабақша меңгерушісінің м.у.а.  Ж. Арынбаева  
Әдіскер:  З. Халилаева  
Тәрбиешілер:  Д. Давранова  
 М. Коспанова  
 С. Накжанова

Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Жетісай ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Дана» бөбекжай балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

05.04.2023 жыл

Бұйрық №16

Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Жетісай ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Дана» бөбекжай балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны 2023 жылы сәуір айының 10-14 аралығында өзін-өзі бағалаудан өткізу туралы

**Бұйырамын:**

1. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Жетісай ауданының әлеуетті дамыту бөлімінің «Дана» бөбекжай балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны 2023 жылдың 10-14 сәуір аралығында өзін-өзі бағалаудан өткізілсін.
2. «Дана» бөбекжай балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны Түркістан облысы білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2022 жыл қарашадағы №908 санды қатынас хатын басшылыққа ала отырып Білім туралы Қазақстан Республикасы Заңының 59 бабының 4-1 тармағына сәйкес мемлекеттік аттестаттауды өткізуге байланысты өзін-өзі бағалау мақсатында комиссия құрамы бекітілсін.  
Коммиссия төрайымы: Балабақша меңгерушісі Ж.Арынбаева  
Әдіскер: З.Халилаева  
Тәрбиешілер: Д.Давранова  
М.Коспанова  
С.Накжанова
3. Бөбекжай балабақшаның өзін-өзі бағалау бойыша құжаттар әзірленсін.
4. Құжаттар топтамасы Түркістан облысының білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаментіне 2023 жылдың 25 мамырына дейін жолдансын.
5. Құжаттарды әзірлеу жауапкершілігі әдіскер З.Халилаеваға жүктелсін.
6. Осы бұйрықтың орындалуын өз қызырыма қалдырамын.

«Дана» бөбекжай балабақшасының  
меңгерушісі Ж.Арынбаева

Ж.Арынбаева

Бұйрықпен таныстырылды.

З.Халилаева  
Д.Давранова  
М.Коспанова  
С.Накжанова

